



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№21
(20295)



СУБЕЛІ СӨЗ

• Дүниеде еңбек пен шығарманың қиындығын жеңуден асқан ұлы ерлік жок.
(Максим Горький)

• Шығармашылық – ләззатты азан.
(Қадыр Мырза-Әлі)

8 ақпан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/


www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Байланыстарды дамытуға мүдделі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Орталық Азия жөніндегі арнаулы өкілі Тери Хакаланы қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропа Одағымен арадағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға баса мән беретінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық Кеңестің Президенті Шарль Мишельге 10 қаңтардағы бейнебайланыс режимінде өткен кездесу барысында

елімізді қолдап сөйлегені және ынтымақтастықты нығайтуға нық сенім білдіргені үшін ризашылығын айтып, сәлемін жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Тери Хакаланың өтініші бойынша «касетті қаңтар» оқиғасы жөнінде айтып берді. Сондай-ақ Бас прокуратураға

болған оқиғаға қатысты тергеу жұмыстарын ашық әрі әділ жүргізу жөнінде тапсырма берілгенін мәлімдеді. Мемлекет басшысы адам құқықтары мен бостандығының сақталуы еліміздегі барлық билік тармағы үшін басымдық саналатынына назар аударды.

Қазақстан Президенті саяси жүйені одан әрі жаңғыртуға және әлеуметтік теңсіздікті сәйкестендіруге, ұлттық экономиканы әртарапандыруға бағытталған Жана экономикалық бағдарды іске асыру жоспары жөнінде мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағымен ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша тығыз байланыстарды дамытуға және бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды

толыққанды жүзеге асыруға ниетті екенін нақтылады. Өз кезегінде Тери Хакала Брюссельдің Қазақстанмен арадағы байланыстарды дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Еуропалық дипломат Президентке мазмұнды әрі пайдалы пікір алмасқаны үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ Еуропа Одағы Президенттің саяси реформаларын толық қолдайтынын және еліміздің өркендеуіне, тұрақтылығына мүдделі екенін айтты.

Үкіметтің кеңейтілген отырысы

Бүгін, 8 ақпанда Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Бұл туралы Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында «8 ақпанда Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиын барысында еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп берілді және Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл жоспары қарастырылады» деп жазды.

Наурызда Үндеу жарияланбақ

Сондай-ақ Б.Уәли «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтар күні өткен Мәжіліс отырысында азаматтық қоғаммен және сарапшылармен арадағы диалог негізінде саяси реформалардың жана топтамасы әзірленеді деп мәлімдеген болатын. Осыған байланысты Мемлекет басшысы наурыз айының ортасында халыққа Үндеу жариялауды жоспарлап отыр. Бұл үндеуде реформалардың негізгі бағыттары мен қоғамды саяси трансформациялауға бағытталған аса маңызды шаралар айқындалады» деп жазды.

Партияның Атқарушы хатшысын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр Отан партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Ораловты қабылдады. Кездесу барысында Президент Нұр Отан партиясын жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Партия төрағасының айтуынша, ел азаматтарының талап-тілектеріне толық жауап беруі үшін партияны жүйелі түрде қайта құру қажет. Сондай-ақ партия заманауи сын-қатерлерге төтеп беруге және жедел әрекет етуге тиіс.

Мемлекет басшысына партияның жұмысын қайта құру жоспары жөнінде мәлімет берілді. Асхат Ораловтың айтуынша, саяси ұйымның Орталық аппараты Мәжілістегі фракциямен бірлесіп отырып, партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған жол карталарының жүзеге

● САУЛЫҚ-САҚТЫҚТА

Шектеулерге қарсылықтың себебі не?

«2020 жылдың көктемінде коронавирус өрши түскенде локдаун енгізудің өлім көрсеткішінің төмендеуіне әсері шамалы болды». Джон Хоккинс университеті сарапшыларының жүргізген зерттеу нәтижесі осындай. Олардың айтуынша, 2 жыл бұрын АҚШ пен Еуропада енгізілген локдаун нәтижесінде өлім көрсеткіші небәрі 0,2 процентке ғана төмендеген. Ал шараның экономикаға келтірген шығыны орасан зор.

СБ Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Алайда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері шектеу шараларын алып тастауға әлі ерте дейді. Өйткені кей елдерде вакциналау деңгейі төмен. Бірақ «шектеулер бизнеске ауыр соққы болды» дегенді алға тартқан Еуропадағы бірнеше мемлекет билігі оларды алып тастау шешімін қабылдады. Олардың қатарында: Ұлыбритания, Франция, Дания, Нидерланд елдері бар. Мамандардың түсіндіруінше, басқа мутациялармен салыстырғанда, бұл елдерде ауыр жағдайдағы науқастар саны айтарлықтай аз. Ал, Грузия жасыл төлқұжаттан бас тартты. Енді қоғамдық орындарға QR-кодсыз кіруге болады. «Омикрон штамы тез та-

райды. Бірақ жеңіл өтеді. Бұл ретте әлемдік тәжірибені ескере отырып, мекемеаралық кеңес жасыл төлқұжатты алып тастауға шешім қабылдады. Алайда коронавирусты тіркеу жүйелердің барлығы күшінде қалады. Сондай-ақ шетелде шығатын азаматтар жасыл төлқұжатты пайдалана алады», – деді Грузияның COVID-19 дертімен күрес кеңесі жедел штабының басшысы Георгий Гибралзе. Өте жұқпалы, бірақ халықтың басым бөлігіне қауіпті емес «Омикрон» штамының тез таралып жатқанына қарамастан, бірқатар елдердің мұндай қаламға баруы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымын алаңдатып отыр. Олардың

пайымынша, вирус тағы мутацияға ұшырауы мүмкін. «Біз барлық мемлекетті қолда бар құралдарды пайдалана отырып, өз тұрғындарын қорғауға шақырамыз. Бұл – тек вакцина емес. Жеңіс туралы жар салу әлі кез келген мемлекетке ерте. Бұл вирус қауіпті, ол біздің көз алдымызда дамып жатыр», – деді ДДҰ бас хатшысы Тедрос Аданом Гебрейесусе.

Дания – ақпан айынан бастап барлық шектеуді алып тастап жатқан Еуропалық одақтағы алғашқы мемлекеттердің бірі. Норвегия да осы жолмен жүруде, онда қашықтан жұмыс істеуді және адам көп жиналатын орындарда шектеулерді алып тастап жатыр. Франция да матчтарға, концерттерге лимитті алып тастауда. Бірақ мұндай жеңілдетулер тек вакцина алған азаматтарға қатысты. Кейбір бақылаулар тек келетін шетелдіктер үшін қалады, бірақ Копенгагенде бұл ұзаққа созылмайды деп үміттенеді. «Енді беттерде киюдің қажеті жоқ. Енді бізде таңдау бар: не өзімізді қорғауға, не еркін жүруге тиіспіз».

4-бет

● КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИЫН

Әр тамшы судың сұрауы бар

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың басшылығымен өткен кеңейтілген жиында биылғы вегетациялық кезеңде атқарылатын жұмыстар талқалға түсті.

Кеңейтілген жиынға ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов, «ҚазСуШар» республикалық коммуналдық кәсіпорнының бас директоры Алтай Елжазов қатысты. Олар Сырдария өзеніндегі ахуалға байланысты өңірге арнайы келіп, жергілікті шаруашылық басшылары және дикандармен жүздескен болатын.

Жиын барысында облыс әкімі вегетациялық кезеңде жергілікті дикандар суды үнемдеуге баса назар аудару қажеттігін атап өтті. Бұл мақсатта жедел түрде кешенді шара қабылдау қажет екені нақтыланды.

– Сырдария өзеніндегі су тапшылығы – тек облыс ғана емес, республика үшін өзекті мәселе. Бұл ретте ахуалға қарай әрекет етіп, су арналарын реттеу, каналдарды тазалау жұмыстары толыққанды жүргізілуі

тиіс. Қазір Нарын-Сырдария аумағындағы су көлемі 17 млрд 771 млн текше метр. Ол өткен жылдан 1 млрд 954 млн текше метрге аз. Сондықтан биыл су арналы судың жағдайы өткен жылдан да күрделі. Оның ішін-

де Жаңақорған ауданы егісін сумен қамтамасыз ету мақсатында «Келінтөбе» магистральды каналына су деңгейін көтеру және «ҚазСуШар» кәсіпорны арқылы қажетті насос қондырғыларын сатып алу мәселесі туындап отыр. Осы бағытта аталған проблеманы ҚР Экология геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп шешу мәселесін жеделдетуіміз қажет, – деді облыс әкімі.

2-бет

● ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

«Бағаны өсіруге жол берілмейді»

Күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасы ырық бермей тұрғанымен, өңірде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылданауда. Бұл бағытта ауыл шаруашылығы басқармасы мен тиісті мекемелер қандай жұмыстар атқаруда? Бағаның негізгі өсуіне жол бермеудің тиімді тәсілдері бар ма? Осы сауалдар төңірегінде газет тілшісі облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевпен жедел сұхбат құрған еді.

– Талғат Тұрсынұлы, аймақта азық-түлік бағасының негізгі өсуіне жол бермеу үшін қандай жұмыстар қолға алынды? – Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, Қызылорда қаласы және барлық аудандық әкімдіктер әлеуметтік

сауда орындарындағы өнімдердің бағасына күн сайын мониторинг жүргізуде. Бағаны реттеудің тиімді әдісі – тұрақтан-дыру қорын қалыптастыру. Бұл бағытта облыстық бюджеттен кейінгі екі жылда (2020-2021) 2134,3 млн тенге бөлінгені айта

кету керек. Бүгінде қорда 1376,8 тонна өнім бар. Оның ішінде: бірінші сұрыпты бидай ұны – 412,8, қарақұмық жармасы – 70,3, күріш – 177,2, макарон – 53,2, картоп – 108,4, піяз – 200, күнбағыс майы – 94,9, сөбіз – 100 тонна, сондай-ақ 160 тонна қант бар.

Бағаның негізгі өсуіне жол бермеудің тиімді шараларының бірі ретінде айналым схемасы бойынша кәсіпорндарға зер беру тәсілі кеңінен пайдаланылуда. Бүгінгі күні 973 млн тенге 19 кәсіпорндік субъектісіне берілді. Заем алған кәсіпорндардың 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімі мен «Байқоныр» ӨЖК-ға қарасты Қызылорда қаласында орналасқан 36 әлеуметтік дүкенде және қосымша 14 ірі супермаркетке келісім негізінде ашылған бұрыштарда нарықтан төмен бағада жеткізіліп, сатылуда.

4-бет

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Табиғи газ тарифіне қатысты сұрақ көп

Жақында ғана облыстық қоғамдық кеңес жанынан сараптамалық топ құрылды. Ол табиғи газ тарифі, сұйылтылған газ бағасы, саладағы басқа да бұрын алпауыт компаниялардың коммерциялық құпиясы саналып келген ақпараттарды жинап, тәуелсіз сарапшылар арқылы талдаумен айналысады. Аталған топтың құзыреті қандай? Жұмысынан қандай нәтиже күтеміз? Салада қандай өзгерістер орын алмақ? Осы және өзге де мәселелер туралы сараптамалық топ төрағасы, кәсіпкер, қоғам белсендісі Болат Нұрхожаевтен сұрап білдік.

– Болат Жолтайұлы, табиғи газ тарифіне қатысты мәселені бұрыннан айтып келесіз. Бұл ретте қоғамдық

кеңес жанынан құрылған сараптамалық топ нақты немен айналысады? – 2013 жылы наурызда та-



биғи газ бағасы 6,6 тенге болған. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 8 тенге, шілдеден бастап 12,9 тенге болды. Кейін қайта 12,6 тенгеге түскен. Бұл өзгеріс көтерме баға тарифіне байланысты болды. 2015 жылы 12,7 тенге, одан соң 18,9 тенгеге жетті. 2016 жылы 19,9, 2018 жылы 21 тенге болған. Ал, 2019 жылы 20,9 тенге болып, шамалы арзандаған.

Бағаны айтып отырған себебіміз, өңірдегі аудандарды газландыру үшін 2014 жылдан 2019 жылға дейін инвестиция-

лық тариф енгізілген болатын. Осылайша, өндіруші мекеме 24 млрд тенге қаржы алып, төрт ауданға және Байқонырға газ жүргізді. Ал, 2019 жылы ол инвестициялық мерзімі біткен соң тариф бұрынғы бағаға бару керек қой? Яғни, бұрынғы газ тарифі тасымал және көтерме бағадан құралады. Оған инвестициялық тариф қосылып, үш компоненттен тұратын болады. Енді тасымал мен көтерме баға ғана қалуы керек еді. Бірақ «ҚазТрансГаз» оған ішкі шығындар дегенді қосып. Со-

4-бет



«Олимпиадалық дипломатия» немесе Президент Қ.Тоқаев Қытай еліне қалай барып қайтты

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір-екі күн бұрын XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін Бейжіңге жұмыс сапарымен барып келді. Бұл – Мемлекет басшысының биылғы шетелге жасаған бірінші сапары. Осы жаһандық спорт додасы Қытайдың ай күнтізбесі бойынша Жаңа жыл мерекесімен тұспа-тұс келді. Мұның символдық мәні зор. Қытай халқы Барыс жылын үлкен қошеметпен қарсы алды.



Қазақстан Президентімен қатар Қытай астанасына 30-дан астам мемлекеттің басшылары мен үкімет жетекшілері, корольдер отбасыларының мүшелері мен халықаралық ұйымдардың жетекшілері келді.

Бейжіңдегі ауа райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылды бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген қолданыстағы ұзын-сонар кезек болып жатты. Жергілікті халықтың көзін еліне деген мақтанш пен зор қуаныш байқалды.

Қазақстан қосбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын ақпан айында ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол Қысқы Олимпиаданың ашылу рәсімін Қытай Төрағасының шақыруына табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір-бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдастар арасында 80-ші жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің бағыс бөлігінде орналасқан «Джоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты.

Бейжіңдегі ауа райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылды бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген қолданыстағы ұзын-сонар кезек болып жатты. Жергілікті халықтың көзін еліне деген мақтанш пен зор қуаныш байқалды.

Қазақстан қосбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын ақпан айында ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол Қысқы Олимпиаданың ашылу рәсімін Қытай Төрағасының шақыруына табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір-бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдастар арасында 80-ші жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің бағыс бөлігінде орналасқан «Джоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты.

Бейжіңдегі ауа райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылды бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген қолданыстағы ұзын-сонар кезек болып жатты. Жергілікті халықтың көзін еліне деген мақтанш пен зор қуаныш байқалды.

Қазақстан қосбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын ақпан айында ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол Қысқы Олимпиаданың ашылу рәсімін Қытай Төрағасының шақыруына табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір-бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдастар арасында 80-ші жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің бағыс бөлігінде орналасқан «Джоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты.

Бейжіңдегі ауа райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылды бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген қолданыстағы ұзын-сонар кезек болып жатты. Жергілікті халықтың көзін еліне деген мақтанш пен зор қуаныш байқалды.

Қазақстан қосбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын ақпан айында ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол Қысқы Олимпиаданың ашылу рәсімін Қытай Төрағасының шақыруына табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір-бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдастар арасында 80-ші жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің бағыс бөлігінде орналасқан «Джоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты.

Бейжіңдегі ауа райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылды бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген қолданыстағы ұзын-сонар кезек болып жатты. Жергілікті халықтың көзін еліне деген мақтанш пен зор қуаныш байқалды.

Қазақстан қосбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын ақпан айында ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол Қысқы Олимпиаданың ашылу рәсімін Қытай Төрағасының шақыруына табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір-бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдастар арасында 80-ші жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің бағыс бөлігінде орналасқан «Джоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты.

Тоқаев осы қабылдау барысында БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, ДДСҰ Бас директорымен, сондай-ақ Польша, Сингапур, Катар, Пәкістан және Орталық Азия елдерінің басшыларымен әңгімелесті. Олар Мемлекет басшысының «асиретті қаңтар» кезінде жағдайды тұрақтандыру үшін қабылдаған шешімдеріне қолдау білдірді.

Қабылдау аяқталған соң Қасым-Жомарт Тоқаев әуежайға бет алып, Қазақстанға ұшып кетті. 5 сағаттық жолда Президент Бейжің сапарынан алған әсерімен бөлісті. Мемлекет басшысы биылғы алғашқы шетелге жасаған сапарына көңіл толатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың қытай тілін жетік меңгерген әлемдегі санаулы қосбасшылардың бірі екені жалпыға мәлім. Кезінде Президент осы елде оқып, жұмыс істеген. Қытайдың мыңжылдық бай тарихы мен мәдениетін зерттеген. Мемлекет басшысының CCTV телеарнасына 2019 жылы берген сұхбатынан кейін журналистерге естелік жазба қалдырғаны қытай халқының әлі күнге дейін есінде екеніне сенімдіміз. Си Цзиньпин Бүкілқытайлық халық жиналысының 20-ші сессиясында өткен келіссөздердің басында Қасым-Жомарт Тоқаевты «қытай халқының досы» деп атады.

Президент бүгінде Қытайда дамуы барлық көрсеткіші бойынша әлемдік көшбасшылар тобына лайықты түрде қосылды деп есептейді. Қытай экономикасының әлемде екінші орында тұрғаны ешкімге құпия емес, сарапшылардың болжамы бойынша 10 жылдан кейін бірінші орынға шығуға тиіс. Қытай сияқты елмен көрші болу мемлекетіміз үшін артықшылық деп ойлаймын. Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік шекарасының ұзындығы – 1782 шақырым. Бірқатар мемлекет Бейжің Олимпиадасына бойкот жариялап жатқан кезде достас елді қолдамау және оның ашылу рәсіміне қатыспау дұрыс болмас еді. Президент оң шешім қабылдады.

Берік УӘЛІ, Президенттің баспасөз хатшысы.
«Egemen Qazaqstan»

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Осы жылдың 17-31 қаңтар аралығында «Ашық НҚА» (нормативтік-құқықтық актілер) жария талқылау порталындағы 2026 жылға дейінгі бәсекелестікті қорғау және дамыту тұжырымдамасы осы депутаттық сауалымыздың себебі болып отыр. Онда АИТВ-инфекциясының зертханалық диагностикасын бәсеке ортаға беру ұсынылады.

Тұжырымдаманың мақсаты нарық субъектілері үшін қолайлы бәсекелестік орта құру, бәсекелестікті тежейтін жүйелі кедергілерді жою болып табылады. Тұжырымдамада көзделген шаралар теріс әлеуметтік-экономикалық, демографиялық салдарларға әкеп соқтырмайды деп болжанады.

Сонымен қатар, сарапшылардың бағалауынша, әлемде АИТВ-инфекциясы бойынша эпидемиологиялық жағдай күрделі күйде қалып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәлімдеуінше, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде АИТВ тез таралады. Әлемде 80 млн-нан астам адам АИТВ-инфекциясымен ауырып, оның 35 млн-ы қайтыс болды.

Қазақстанда АИТВ-мен өмір сүретін 28 773 адам тұрады. 2021 жылы АИТВ-инфекциясының 3 478 жаңа жағдайы тіркелді, ұқсас кезеңге қарағанда 4,2%-ке және соңғы 5 жылда 13,5%-ке өсті (ерлер – 65,2%, әйелдер – 34,8%). Инфекцияның берілу жолдары да өзгерді, егер 90-шы жылдары елде есірткіні пайдаланатын адамдар арасында ғана инфекциялық тәсіл басым болса, бүгінде АИТВ-ның 70,3%-і жыныстық жолмен беріледі.

Елімізде АИТВ-инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылуда. Ауру медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызмет көрсетіле отырып («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 162-бабы), әлеуметтік мән бар аурулардың тізіміне енгізілген. Медициналық көмекті ұйымдастыру мәселелерімен ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған қызметі айналысады.

Соңғы 10 жылда АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды антиретровирустық терапиямен қамту 6 есеге артты (14%-тен 79%-ке дейін). ЖЖТБ-дан өлім-жітім төмендеді. Нәтижесінде, мемлекет тарапынан орталықтандырылған бақылаудың арқасында Қазақстанда АИТВ-инфекциясының таралуы шогырланған сатыда (0,2%) сақталып отыр, әлемдік көрсеткіш – 1,1%.

Жыл сайын елімізде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ-ға орта есеппен 3,5 млн зерттеу жүргізіледі. Талдау нәтижелері нақты уақыт режимінде АИТВ-инфекциясының барлық тіркелген жағдайлары бойынша деректерді жинаға, сақтауға, беруге, мониторингтеуге және талдауға арналған электрондық бақылаудың ақпараттық базасында тіркеледі. Қолда бар қауіпсіздік сертификаты оның сенімділігі мен құпиялығын қамтамасыз етеді.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің жаңа бастамасы барлық тәуекелдерді ескеріп, саланың нақты мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруі тиіс.

Бүгінде денсаулық сақтау жүйесінде пациенттерді тексеру нәтижелерін, медициналық ұйымдардың, оның ішінде жеке зертханалардың статистикалық деректерін біріктіретін бірінші ақпараттық платформа әлі де жоқ. АИТВ-ны зерттеуді орталықсыздандыру мониторингті жүзеге асыруды және жедел ден қою шараларын қабылдауды айтарлықтай қиындатады.

Бұл ретте АИТВ кешенді диагностикасының бастапқы зерттеуін ғана беру ұсынылады. Талдаудың оң нәтижесі болған жағдайда эпидемиологиялық тексеру жүргізу, берілу жолдары мен факторларын белгілеу, байланыс жасаушыларды іздеу және тексеру жөніндегі шаралар кешенді диагностикадан тыс қалады. Мұндай жағдай алгоритм компоненттерінің бұзылуына, зерттеу мерзімдерінің ұзаруына, соның салдарынан науқасты емдеудің кеш басталуына және АИТВ-инфекциясының таралуының бақылаусыз өсуіне әкеледі.

Бұрын Қазақстан Республикасында бәсекелестік ортаға жыныстық жолмен берілетін инфекциялар мен гепатиттерге зерттеулер жүргізілді беру тәжірибесі болған. Нәтижесінде біз осы аурулардың таралуын бақылауды жоғалттық. Бүгінгі таңда олар бойынша сенімді статистика жоқ және сәйкесінше бұл инфекцияларға қарсы әрекет ету бағдарламасы да жоқ.

АИТВ зерттеуінің бірінші кезеңін бәсеке ортаға беру бойынша басқа елдердің (РФ) тәжірибесі осы аурудың таралуын жедел қарқынына алып келді. Нәтижесінде, бірнеше жылдан кейін бұл елдер АИТВ диагнозын мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің мекемелеріне қайтаруға мәжбүр болды.

Жалпы, біз бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты дамытудың жалпы үрдістерін елдің экономикалық дамуының басым бағыттары ретінде қолдаймыз.

Сонымен бірге, халықтың денсаулығы мәселелерінде эпидемиологиялық жағдайды бақылауды жоғалту ретінде ықтимал теріс сын-кәсіптер мен салдарлар тұрғысынан енгізілген өзгерістерге мұқият талдау жүргізу қажет деп санаймын. Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген ұсыныстар сапаны жақсарту, диагностика мерзімдерін қысқартуды немесе пациент үшін осы қызметтің құнын төмендетуді білдірмейді, керісінше, тәсілдерімен іске асырылуы және бірінші кезеңнің қымбаттауы күтіледі. Осыған байланысты бәсекелестік ортаға тиісті жүйелі дайындықты АИТВ-инфекциясы диагностикасы беруге ерте деп санаймыз.

Жоғарыда баяндалғанын негізінде, құрметті Әлихан Асханұлы, АИТВ-инфекциясы диагностикасын бәсеке ортаға беру мәселесін кейінге қалдыру және осы мәселені тағы бір рет зерделеу ұсынылады.

Құрметпен,
**А.ӘЛІНАЗАРОВА,
Н.ТОҒЕЛАНШЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты**

Әр тамшы судың сұрауы бар

Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетовтің айтуынша, «Шардара» су қоймасында жиналған су көлемі «Көксарай» су реттегішімен қосқанда өткен жылдан 1,1 млрд текше метрге азайған. Қазір онда 3,5 млрд текше метр су бар.

Өткен жылдың желтоқсан айында болған мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында 2021 жылдың қазан - 2022 жылдың сәуір айларында «Шардара» су қоймасына орташа есеппен 11 млрд текше метр судың түсетіні болжанды. Дегенмен, биылғы 1 ақпанға дейінгі нақты түскен су оның 59 процентін құрайды. Осыған байланысты су лимиттерін қайта белгілеу шарасы атқарылуы қажет.

Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың айтуынша, аяқсу тапшылығы мәселесін ескере отырып, егілетін күршіс көлемін азайтуға назар аударылады. Биыл облыс бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының болжамды егіс көлемі – 187,1 мың гектар. Оның ішінде дәнді дақылдар 92,2, майлы дақылдар 6,7, малазықтық дақылдар 68,7, картоп, көкөніс, бақша 19,4 мың гектарды құрайды. Негізгі дақыл – күршіштің көлемі 80 мың гектарды шамалайды. Былтыр ол 83,6 мың гектар болды. Дегенмен, Сырдария өзеніндегі жағдайға байланысты су шаруашылығы мекемелері дикандарға күршіс көлемін қысқарту жөнінде ұсыныс беріп отыр.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2016 жылғы 19 тамыздағы №367 бұйрығымен бекітілген су пайдалану лимитінде облысқа 5,3 млрд текше метр су қажет екені нақтыланған. Оның ішінде 4,2 млрд текше метрі егістікке пайдаланыла, 1,2 млрд текше метрі экологиялық мұқтаждыққа арнаған.

Сондай-ақ, жиын барысында облыстық табиғи ресурстар және



табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов салалық министрлікпен бірге су тапшылығын болдырмау мақсатын көздейтін Жол картасы әзірленгенін жеткізді, яғни, қартада суармалы сумен қамтамасыз етуге және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған жобалар енгізілген.

Биыл республикалық және жергілікті бюджеттен жалпы ұзындығы 227 шақырым болатын каналдар мен қашықтықтарды тазалау жұмыстарына және 79 гидротехникалық құрылыстарды жөндеуге қаржы бөлінді. Елді мекендерге облыстық бюджеттен 23 насос қондырғысы алынады. Былтыр аталған мақсатта 43 насос алынып берілген.

Өз кезегінде Серік Қожаниязов даридағы су мәселесіне байланысты жағдай күрделі екенін айтып өтті. Бұл бағытта барлық мүмкіндікті тиімді пайдалану қажет.

Сырдария өзеніндегі жағдай Үкімет басшысының назарында тұр. Қазіргі таңда көрші мемлекеттермен белсенді түрде келіссөз жүргізілуде.

Жақын арада Қырғызстан Премьер-Министрінің орынбасары Алматыға келмек. Ал, ҚР Премьер-Министрі Өзбекстанға барып, келіссөз жүргізеді. Алқсу тапшылығы еліміздің оңтүстік өңірлеріне тән жағдай болып тұр. Биыл «Көксарайға» су жинау мүмкіндігі жоқ. Осыған қарай су тапшылығының алдын алу бағытында барлық мүмкіндікті пайдалануымыз тиіс, – деді Серік Қожаниязов.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жауапты мекемелерге көктемгі су алу науқанын басталғанға дейін су шаруашылығы нысандарын жөндеу жұмыстарын толық аяқтауды міндеттеді. Облыс аймағына су жеткізу кестесіне сәйкес әр канал бойынша 10 күндік су жеткізу кестесі әзірленуі тиіс.

Биыл қысқартылған күршіс дақылдың орнына суды аз қажет ететін дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуға назар аудару қажет.

Сондай-ақ, аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне су пайдаланушылардың кооперативін құру мүмкіндігін қарастыру жөнінде тапсырма берді.

Кенейтілген жиыннан кейін Серік Қожаниязов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен журналистермен жүздесуінде Сырдария өзеніндегі суға байланысты ахуалды жан-жақты баяндап берді.

– Сырдарияның 90 проценті суы өзге елдерден келетін бөлімізге белгілі. Ол Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан арқылы түседі. Қырғыз жеріндегі «Токтағұл» су қоймасында қазір 8,9 млрд текше метр су бар. Ол өткен жылмен салыстырғанда 1,5 млрд текше метрге кем. Биыл «Шардара» су қоймасына вегетацияаралық кезеңде 10,3 млрд текше метр су келеді

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов

Ұлтының ар-ұяты бола білді

Әбекеннің өмірден өткенін төбемізден жай түскендей болды деп айта алмаймыз. Өйткені бұл кісі бір жылдың төңірегінде қатты науқастанып жатты. Ең соңғы рет барғанымда тіпті шүйкедей болып қалған. Жатын бөлмесінен қолымен алып шыққанда, жас бала сияқты болып қалғанын көрдім. Сонда менің көзімнен жас шығып кетті. Қандай Әбекен еді.

Көрмегелі үш-төрт ай болып еді, мені көріп ол кісінің де көзінен жас шықты. Содан кейін мен көзімнің жасын білдірмес үшін жас бала сияқты қылып коридорда қолымен әрлі-бері қыдыртқан болып барып, қасына отырып әңгімелестік. Құлағы естімей қалған, тамақты қасықпен аузына салып ішкізді.

Бір кездері қандай Әбекен еді деп бәрі көз алдыма елестеді. Бұл – ұзақ әңгіме, сезімнің сөзі. Ал енді Әбекеннің қазақ әдебиетіндегі, қазақ халқындағы рөлін, қандай орын алатынын айтып жатудың өзі артық. Сол сияқты Әбекен біз үшін сондай тұлға еді. Ол кісі біздің қорғанышымыз болды. Ұлттың мүддесін қызғыштай қорғаумен өтті. «Ана тілім ертең өлер болса, онда мен бүгін өлуге дайынмын» дейтін Рәсул Ғамзатовтың сөзін жадына сақтады. Нағыз ұлтжанды, ұлттың, тілінің сүйегін адам еді. Тілін сүйгендіктің арқасы емес пе? Ол әр шығармадағы ағат кеткен бір сөздің өзіне қалайып, шұқшынып отыратын. Өзінің романдарын қайта-қайта өңдеуден жалықпайтын. «Қан мен тердің» он жетінші нұсқасын жасадым» деп айтып отырғанда, мен сәл ренжіп: «Әбеке, одан гөрі жаңа шығарма жазбайсыз ба? «Қан мен тердің» он жетінші нұсқасын оқытын адам бар ма, жоқ па қайдан білесіз?» деп едім, бірақ ол кісіні алған бетінен қайтара алмайсың. Әр жеріне лайықты сөз қосып отыратын. «Бұл бағымда жазылған шығарма ғой» деуші еді.

«Соңғы парызды» қанша ұзақ жазды. Бұл кісі ұзақ жазды, жұрт сияқты бір шығарманы бітіре салып, екінші шығармаға кіріспейтін. Әсіресе аудармаға қаншалықты көңіл бөлді, жер-жерімізге жетіп ұрасатын да сол Әбекен еді. «Сендер шығармаларыңды орыс тіліне аударуға беріп, аударылғанына мән болып қана жүресіңдер, ал әдебиетте, сөз өнерінде бір сөздің өзі көп нәрсені шешіп кететінін неге білмейсіңдер? Бір сөз шығарманың құнын арттырса, орыссыз бір сөз шығарманың бәсін түсіреді. Сендер осыған мән бермейсіңдер», деп кездескен сайын айтады.

Қазақ елінің абыройы, ары, ұяты осы Әбекен еді ғой. Қайсы қырын айтайық, ол шығармаларымен қазақ әдебиетін әлемге танытып кетті. Ұлылардың соңғы сарқыны, соңғы тұлғасы О дүниеге кетті. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтармен бірге жүрген тұлғадан айырлып қалдық. Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген өлеңі бар, сол сияқты мен де бүгін ұзын қайың ғана емес, алып еменнің құлағанын естіп, жетімсіреп қалдым. Бұлай дейтін себебім, ол кісі телефон соққан сайын «Әй, бала» деуші еді, «тапқан екенсің, жетістің асқан адамды бала дегеніңіз қалай?» дейтінмін. Енді олай айтатын адам жоқ.

Ол кісі әр шығарманы оқығанда, қолына қызыл, көк қарындаш алып оқушы еді, менің соңғы жазған шығармам «Бертені» ауырып жатқанына қарамай, бір күннің ішінде оқып шықты. Ол кісі оқыған нұсқасын сақтап қойдым. Белгі салмаған бір бет жоқ. Ең соңында өзінің пікірін орысша жазыпты. Оны айтып жатудың қажеті жоқ. Соңында: «Әй, бала, жылдатың ғой», деп қазақша бір сөйлем қосыпты.

Ол ана тілінің қорғаушысы бола білді. Жұрттың есінде бар шығар, Горбачев Алматыға келгенде Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде жатқан Әбекенді шақырып алды, ол кісі сол күні ұшып келді де, ертесінде жиналысқа қатысып, өте керемет баяндама жасағаны әлі есімде.

Сол кезде Әбекен өзінің сөзін оқып отырғанда Горбачев қасындағы біреумен сыбырласа бастағанда Әбекен мойнын бұрып: «Михаил Сергеевич, я это слово говорю вам», деп састырып тастап еді. Әсіресе 1986 жылы жұрт кімнің кіналі, кімнің жазықсыз екенін білмей, «бұны ұйымдастырған кім?» деп біздің жастарымызға жала жауып, қаулы қабылдап, «Қазақ ұлтшылдығы» дегенді тауып, сөйтіп жатқан қиын кезде Әбекен «Известия» газетіне үлкен мақала жазды. Сол мақаладан кейін жалпы жұрттың пікірі өзгерді. Әбекеннен басқа адамның мақаласы болса, газет те оны баспа еді. Бүкіл Одақта Нұрпейісов деген атақ-даңқы бар, өзі Москваның жазушыларымен араласып тұратын болғандықтан, бұл мақаланың салмағы жақсы болды. Сол мақала бүкіл Одаққа, орыстардың өзіне көптеген мәселені түсіндірді.

Қазақ қаламгерлерінің көбі қол жеткізе алмаған нәрсеге Нұрпейісовтің қолы жетті. Атақты «Роман газеті» дегенге біздің әдебиеттен тұңғыш рет «Қан мен тер» романы басылды. Мен Колумбияда болған кезімде бір оқиға болды. Олар Қазақстан деген елді естіп те көрмеген. Сонда бір адам келіп, орысша сөйлесті. Сол кісі: «Әбдіжәміл Нұрпейісов қандай жаңа шығарма жазды?» дегенде, төбем көкке бір елі жетпей қалды. Біздің атақты жазушымызды Колумбиядағы біреудің сұрағаны қандай бақыт. Әбекен кім дегенде, ол кісі менің ұстазым, қамқорымым, арқасүйер ағам, замандасым, кейде құрдасым болды.

Зейнолла Қабдолов «Суырылмайтын қазық» деп ат қойып еді. Негізінде ол кісі біреуді жақсы көрсе, жек көрсе пікірін еш уақытта өзгертпейтін. Әр жағынан өзінің пікірі бар адам болды. Ендігі біздің міндетіміз – ол кісінің мінезі, кісілігі мен кішілігі жайлы өткір зерттеулер мен мақалалар жазу. Ұнатпаған кезінде өнменіннен өтердей күшті жанары бар еді. «Не айтып отырсың?», «Бұл жазушы айтатын сөз бе?», «Шындығын қайда?» дейтін. Қалай болғанда да, ол кісі ұлттың қорғанышы, абызы бола білді. Мұхтар Әуезовтің шеберлігі жайлы аузынан тастамай жүретін, енді өзі де сол кісілердің қатарына, солармен сырласуға кетті.

Қадірлі Әбеке, еліңіздің алдында бір адамға ғана емес, бірнеше адамға тән парызыңызды өтедініз, арамыздан абыроймен аттандыңыз. Жатқан жеріңіз жайлы болсын! Халқыңыз сізді ешқашан ұмытпайды.

Қош болыңыз!

Дулат ИСАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазанда Қызылорда облысы, Арал ауданының Құланды ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөң деген жерде туған.

1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1956 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтын бітірген, 1962-1964 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды. Халықаралық Қазақ ПЕН клубының президенті, 2000 жылдан «Таң-Шолпан» журналы редакторлар кеңесінің төрағасы.

Әдебиетке 1947 жылдан араласа бастады. Тұңғыш шығармасы – Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Курляндия» романы 1950 жылы жарық көрді. Бұл шығармасы үшін жазушыға Жамбыл атындағы республикалық сыйлық берілді. «Курляндия» романын кейіннен өңдеп, толықтырып, 1958 жылы «Күткен күн» деген атпен қайта жариялады. «Қан мен тер» трилогиясы (1-кітап – «Ымырт», 1961; 2-кітап – «Сергелден», 1964; 3-кітап – «Күйреу», 1970) және «Сен» (1983), «Соңғы парыз» (1999) романдары дүниежүзі халықтарының көптеген тіліне аударылған.

«Қан мен тер» романы бойынша жасалған инсценировкасы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының (1974 жылдан) репертуарынан тұрақты орын алды, экранға шығарылды. «Соңғы парыз» роман-дилогиясы – әлеуметтік-психологиялық шығарма. Дилогияда Арал теңізінің апатқа ұшырау хикаясы нақты суреттелген. Шығармада экология, табиғат пен адам арақатынасын толғаған қаламгер оқырмандарды рухани-адамгершілік мұраттарға жетелейді. Таңдамалы әдеби-сын мақалалары «Толғау» (кейіннен «Жүрегі толы жыр еді») деген атпен қазақ және орыс тілдерінде жеке кітап болып шықты (1972), 1985 жылы «Ақбидай туралы аңыз» атты очерктер жинағы жарық көрді.

А.П.Чеховтың, А.М.Горькийдің, Назым Хикметтің, испан жазушысы А.Кэсонның шығармаларын қазақ тіліне аударған.

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974). 2001 жылы Мәскеудегі Халықаралық Әдебиет қорының «За честь и достоинство», 2003 жылы Халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлықтардың лауреаты атанды. «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі», «Халықтар достығы» (1984), «Отан» (1994) ордендерімен және медальдармен, РСФСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен марапатталған. 1985 жылы Қазақ КСР Халық жазушысы құрметті атағы берілді.

Алматы қаласының және Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері.

Алаштың абызы

Аралда туып, Алаштың абызы болған Әбенің қазасы баршамызға қайырлы болсын! Иә, өмір заңы – келу, кету, Шүкірі! Таубе! Бәрін көрді. Барын берді. Ұлы ұлгі қалдырды. Жоғары рухани планка (меже) қойып кетті. Соңғы рет кездескенде маған сыйлаған «Соңғы парыз» кітабына «Бұл менің ғасырмен, уақытпен есеп айырысқан еңбегім» деп жазыпты. Қандай ірі сөздер десеніңізі!

Тағдыры оңай болған жоқ. Аштықтың, қуғын-сүргіннің куәсі болды, бұғанасы бекімей жатып қолына қару ұстап, майданға аттанды. Қан қасаптан аман келіп, төл әдебиетіміздің алыбына айналды. Өйткені Әбе тектілердің тұяғы, ата-бабалары ту ұстаған батыр, сөз ұстаған би болған. Сондықтан қасиетті тіліміз бен жерімізді даулағанда аузы дуалы ақсақал, данағой қария алға шыққан жоқ па? Ұлы Абайдың жолымен кертартпалықты, озбырлықты, тоғышар пысықайлықты, әлеуметтік әумесерлікті, даңғойлық пен даңғазалықты сынап, шын намысты ширатып, қолымызға езер қонған азаттық құсын қызғыштай қорғаған Әбенің ерлігі мен еңбегін қалай ұмытамыз? Әбе 95 жасқа толғанда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Алматыға арнайы келіп «Енді

ғасырлық мерейтойыңызда кездесейік» деген тілекпен бірге «Еңбек Ерінің» алтын жұлдызын төсіне тағып еді. Амал не, Алланың әміріне қарсы шығу мүмкін емес. Бірақ біз бүгін Алла тағалаға өкпе айту үшін емес, қазақ халқына осындай тұлғаны сыйлағаны үшін рахмет айтуға жиналдық. Жаныңыз жәннатқа самғағанмен, сөзіңіз, ойыңыз, пікіріңіз ақ қағаздың бетінде, қара жердің үстінде қалып барады ғой, аяулы Әбе! Соларды өзіңіздей, көзіңіздей көріп, әлі талай сырласармыз, мәслихаттасармыз! Өйткені алар асуларымыз қиындап барады. Шығар шыңдарымыз биіктеп барады. Қатарларымыз сиреп барады. Қалғандарымыздың ендігі жерде айтысып-тарғысып жүруге қакымыз жоқ болса керек, рухани жаңғыруға рухани бірлікпен жетуіміз қажет болып тұр. Абыз ағамыздың қазасы осындайда кешегі ызғарлы қаңтардан кейін елді бірлікке шақырғандай болып көрінеді. Ендігі түскен ақ жол бір-бірімізге әрі сергек, әрі әділ болуды талап етеді! Осы бір ұйытқылы істе Әбенің рухы бізбен мәңгі бірге!

Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Қазанама

Қазақ елінің қабырғасы қайысты, қазақ әдебиеті мен руханияты орны толмас қазаға душар болды. 2022 жылдың 5 ақпанында 98 жасқа қараған шағында елінің Әбесі болған, XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан дарабоз тұлға, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ әдебиетінің абызы Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов дүниеден озды. Сыр еліндегі қалың халқы қайғыра жоқтап, Аралы аңырап қалды.

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазанда Қызылорда облысы Арал ауданының Құланды ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөң деген жерде дүниеге келген. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан.

1956 жылы М.Горький атындағы Әдебиет институтын бітірген.

1962-1964 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы, 1995 жылы Халық жазушысы Олжас Сүлейменовпен бірге қазақстандық ПЕН клубын құрып, негізін қалады, клубтың президенті болды.

Әдебиетке 1947 жылдан араласа бастады. Тұңғыш шығармасы – Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Курляндия» романы 1950 жылы жарық көрді. Бұл шығармасы үшін жазушыға Жамбыл атындағы республикалық сыйлық берілді. «Курляндия» романын кейіннен өңдеп, толықтырып, 1958 жылы «Күткен күн» деген атпен қайта жариялады.

«Қан мен тер» трилогиясы (1-кітап – «Ымырт», 1961; 2-кітап – «Сергелден», 1964; 3-кітап – «Күйреу», 1970) және «Сен» (1983), «Соңғы парыз» (1999) романдары дүниежүзі халқының көптеген тіліне аударылған.

«Қан мен тер» романы бойынша жасалған инсценировкасы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының (1974 жылдан) репертуарынан тұрақты орын алды, экранға шығарылды. Таңдамалы әдеби-сын мақалалары «Толғау» (кейіннен «Жүрегі толы жыр еді») деген атпен қазақ және орыс тілдерінде жеке кітап болып шықты (1972), 1985 жылы «Ақбидай туралы аңыз» атты очерктер жинағы жарық көрді.

А.П.Чеховтың, А.М.Горькийдің, Назым Хикметтің, испан жазушысы А.Кэсонның шығармаларын қазақ тіліне аударған.

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974).

2001 жылы Мәскеудегі Халықаралық Әдебиет қорының «За честь и достоинство», 2003 жылы Халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлықтардың лауреаты атанды. «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі», «Халықтар достығы» (1984), «Отан» (1994) ордендерімен және медальдармен, РСФСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен марапатталған. 1985 жылы Қазақ КСР Халық жазушысы құрметті атағы берілді.

2007 жылы Қызылорда облысының Құрметті азаматы, 2019 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстанның Еңбек Ері атанды.

Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері Әбдіжәміл Кәрімұлының қазасына орай әулетіне және барлық туған-туыс жақындарына, күллі қазақ еліне Сыр еліндегі қалың жұртшылығы атынан қайғыра көңіл айтамыз.

Қазақтың руханияты мен әдебиетіне ұшан-теңіз үлес қосқан Әбдіжәміл Нұрпейісовтің жарқын бейнесі халқының жадында мәңгі сақталады.

Бақұл бол, Әбе, қазақтың абыз ақсақалы...

Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат,
облыстық Ардагерлер кеңесі,
облыстық Қоғамдық кеңесі,
ҚР Жазушылар одағының
Қызылорда облыстық филиалы

Қазақтың Әбесі

Алаш жұртының Әбесі атанған Әбдіжәміл Кәрімұлы – ғұмырын ақиқат пен шындыққа, Ұлтшылдың рухани кемелденуіне және Қазақ халқының шығармашылық мүмкіндіктерін әлемдік әдеби аренада мойындатуға арнаған қаламгер. Оның тек бір қауымның ғана емес, тұтас әлемнің келешегіне алаңдауынан туындаған, тарихи шындықтарға негізделген және болашақта орын алатын факторларды деп болжаған романдары әлемдік әдебиеттің алтын қорына енді. Қасиетті әрі қасіретті Арал тағдыры арқылы адамзат тағдырына алаңдаған жазушының асқақ ойы мен қарымды қаламынан туындаған шығармалардағы сюжеттер бүгінгі күннің шындығына айналды.

Халық жазушысының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанкешті әрекеттері де, қару мен қаламды қатар ұстап, зұлмат жылдар шындығын тарих қойнауына бүкпесіз

танбалауы да Әбенің ғасырлар өтсе де ұмытылмайтын ұлы ерліктерінің бірі.

Ол – Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы ғана емес, Мемлекетіміздің әлеуметтік-идеологиялық тұрғыдан дамуына өз үлесін қосқан қоғам қайраткері.

Бір болмысына осынша мол парасат пен пайымды сіңіріп, рухани кемел тұлғаға айналған Ұлт мақтанышының өмірден өткеніне әлі де сене алар емеспін...

Ардақты аға, өзіңбен бірге өткен уақыттар, дегдар диларласулар, рухани құндылықтарды байытқан тағмылы мол кездесулер, ағалы-інілі болып сырласқан сәттер менің жүрегімде мәңгілікке сақталатын болады... Бақұл болыңыз, Әбе!..

Қылышбай БИСЕНОВ,
ҚР ҰҒА академигі

Артында өлмес өркендері қалды

Қазақ әдебиетінің ғана емес-ау, қазақтың рухани монолитінің тұтас бір қабырғасы сөгіліп, алып бір дәуірі көшіп бара жатқандай бүгін.

Ғалами саналарды сан-саққа салып, әлем қасіретінде дүйімді күнренткен қайран Аралының соның ала, мына фони-жалғаннан Әбдіжәміл аға да бақиға ұзады. Дауылды күнгі кең шалқардың ақ бурыл толқындарына қатты ұқсайтын апнақ шашын теңіз желі тараштаған абзал аға жоқ енді. Өкінішті. Осы сәтте, бір шетте Көлқора шоқы күрсінеді. Мына түс Беларан биігі егіледі. Ал бір кездегі азамат, жазушы ойы мен қиялын сан қырыға шақырып, биіктерге қанат қақтырған қайран Аралының мына суалған көз шарасынан енді ақ заһар сор өнбесе, мөлдiрeп мұң жасы да шыға алмайтындай.

Ғасырдай бір ғұмыр-тағдырға куә-дүр дүние қайғыда бүгін.

Тұлға еді. Алып еді. Тасқа таңбаланғандай әр сөзі ғана емес, бар болмысы, бітім-тұлғасы қара жердің өзінде сенімді, қарқара таудай орнықты еді. Соңғы сәтiне шейiн сондай заңғар тұғырда тұрды ағамыз. Сонан ба, мына біз сонау алыс жақтарда, Аралдың сорпап ұлтанында да өзiн ес тұта жүрiп, бұл кiсiнiң барлығын марқайып, арқа сүйегендей бiр бекем-жарқын iшкi сенiм күшiн сезiне жүрушi едiк...

Іні болдым. Кемді күн тіршіліктің кей

Сайлаубай ЖУБАТЫРУЛЫ,
жазушы, эколог



«Бағаны өсіруге жол берілмейді»

– Дүкендерде 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері сатылады делінді. Олардың бағасын айтып өтесіз бе?

– Барлық әлеуметтік дүкендерде нан – 55, қант – 263, өсімдік майы – 630, картоп – 130, сәбіз – 130, піяз – 65, қырыққабат – 90, 1 сортты ұн – 135, қарақұмық жармасы – 415, күріш – 200, макарон – 200, сиыр еті – 1650, тауық еті – 785, жұмыртқа – 32, сүт – 280, айран – 225, сүзбе – 1283, сары май – 2504 және тұз 40 теңгеден сатылуда.

– Ас атасы – нанды тұтынбайтын адам жоқ. Алайда оның бағасы дүкендерде әртүрлі. Нан бағасын белгілі бір сомадан асырмау үшін қандай істер жасалады?

– Наубайхана иелерімен келіссөздер жүргізіліп, набайхана басынан 80-85 теңгеден босатып, бөлек саудада 90 теңгеден асырмай сату жөнінде келісілді. Республика бойынша нан бағасын тұрақтандыру үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрі мен «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК АҚ астық өндіретін өңтүстік өңірлерге арзандатылған бұдай бөлу шараларын қабылдауда.

– Бізге келетін тауардың көп бөлігі сырттан тасымалданады. Ортадағы делдалдардың

жұмысы қаншалықты қадағаланады?

– Бүгінгі күні облыста азық-түлік тауарларына баға белгілеудің тізбегі анықталып, оның 5533 қатысушысына тиісті тексерулер жүргізілуде. Атап айтар болсақ, оның ішінде 324 өндіруші және дистрибуторлық компания, 430 заңды және жеке тұлға, көтерме жеткізу бойынша фирма, сондай-ақ 4779 супермаркет, шағын маркет, үй жанындағы дүкендер бар. Бұдан бөлек «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлек сауда бағаларының рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» билғы жылы арналған облыс әкімдігінің қаулысы әзірленуде. Жалпы облыста сауда орындарында азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті, тапшылық байқалмайды. Тұрақтандыру қоры мен айналым схемасы бойынша 5 мың тонна өнім қорын жасақтауға 2022 жылы облыстық бюджеттен қосымша 1,3 млрд теңге қаржы бөлініп отыр. Оның ішінде 800 млн теңге қаржы тұрақтандыру қорының өнім ұлғайтуға бөліне, 500 млн теңге кәсіпкерлік субъектілеріне заң беруге бағытталды.

– Өңімізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Шектеулерге қарсылықтың себебі не?

Осылай деген Премьер-министр Метте Фредериксен елдің «коронавирусқа дейінгі өмірге» оралатынын мәлімдеді. Даниялықтардың 80%-і вирустан қорғалған деп саналады. Бұлар – вакцинацияланған және сауығып кеткен азаматтар.



1-бет

Жағарыда айтқанымыздай, Еуропа елдері мен Канада тұрғындары COVID шараларына қарсы наразылық білдірді. Мәселен, Испанияның Мадрид қаласының көшелеріне жүздеген адам шығып, COVID-ке қарсы саясат пен шектеу шараларына наразылық білдірді. Ел билігі 10 ақпаннан бастап көшеде міндетті түрде маска тағудан бас тартуды жоспарлап отыр, бұл шараны сәуірде Министрлер кабинеті бекітуі тиіс. Қазіргі уақытта 12 жастан асқан испандықтардың 90%-і коронавирусқа қарсы толық емделген адам үкіметтің корона-вирустың таралуын тоқтату шараларына қарсы демонстрацияға

көшылды. Шара бейбіт түрде өтті. Ұйымдастырушылар алдағы апталарда бірқатар акция өткізбек. Ал Оттавада 29 қаңтардан бері қанаталық жүк тасымалдаушылар ұйымдастырған вакцинация паспортына қарсы наразылық шаралары өтуде. Канада астанасының билігі мен полициясы бұдан былай жағдайды бақылай алмайтын және наразылықты тоқтату үшін қосымша ресурстар қажет екенін мойындады. Оттава үкіметі қалада төтенше жағдай жариялады.

Табиғи газ тарифіне қатысты сұрақ көп

– Сонда біз Қызылорданың өзіне газдың қайда келетінін де нақты білмейміз бе?

«ҚазТрансГаз» мекемесінің басшысы өткенде бір жиында елу де елу, яғни, жартысын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» арқылы, жартысын «Ақшабулақтан» аламыз деген. Ал, сол жылыда-ақ, одан кейін сөз сөйлеген инженері: «Біз «Ақшабулақтан» мүлде газ алмаймыз» деді. Демек, мекеме басшыларының өзі газды қайда алып отырғанын нақты білмейді. Біз тіпті де білмейміз. Сараптамалық топты сол ақпараттарды жинапты, толықтай сараптау үшін құрылды. Оның жұмысы – барлық ақпаратты жинау, яғни, «ҚазТрансГаз» қанша газ өндіреді, қаншасын біз таси аламыз, қаншасын қайдан қандай бағамен аламыз? Тарифтің дұрыстығы қаншалықты екенін тексеру үшін соның бәрін талдап, тәуелсіз сарапшыларға береміз.

Неге халыққа бермейміз? Мысалға дариандан су алып отырсақ оның жанынан суды бөтелкелейтін мекеме ашса бүкіл суды соған беріп, халыққа «Шардарадан» су тартып алындар дейміз бе?

«Ақшабулақтан» өндірілген газдың бүкіл көлемін өңірте беріп отыр ма, әлде «Бейнеу-Бозой-Шымкент» арқылы басқа жерге жіберіп отыр ма, бұған қатысты да нақты ақпарат жоқ. Жалпы барлық ақпаратты жинақтап бұл мәселеге толық көз жеткізіміз, сосын тәуелсіз сарапшылармен де, мемлекеттік сарапшылармен де сараптау ұсыныс бергіміз келіп отыр. Ақпараттар жинақталғасын оған сараптауға инет білдіргендер болса толық береміз.

– Қазір өңірде сұйылтылған газды қымыр өндіріп, қайда жіберіп отырғаны да үлкен мәселе болып тұр ғой. Бұл бағытта да сараптамалық топ талдау жүргізе ме?

– Айталық, «ҚазТрансГаз» сұйылтылған газдың бағасы 28 теңге. Сол газдың литрі тұтынуына жеткенше кеше ғана 120 теңгеге дейін жетті ғой. Өйткені ортадағы делдал компаниялар бағасын бір-біріне сатып көтеріп отыр. Бұл жөнінде экономикалық тергеу департаментінде қымыстық іс қозғалғанын естідік. Іс біткенше оның ақпараты жабық. Бірақ жалпы газ тарифінің ақпараты жан-жақты болу үшін комиссияға экономикалық тергеу департаменті мамандары да қосылды. Өйткені олардың да сұрақтары бар.

Сұйылтылған газ тарифіне келсек, газ сатыптан мемлекеттің үлкен сыйымдылықтағы резервуары болуы керек деген талап бар екен. Мысалы, газды бөлек саудаға сатуының талапқа сай газ тасыптан келіп бар мекеме неге тікелей сұйылтылған газ өндірішіден 28 теңгеден алып, әкеліп өзінің тасымал шығыны мен басқасын қосып сата алмайды? Өйткені оған «договор перевалка» деген тосқауыл жасап қойылған екен. Ол бойынша менің 300 текше метрілік сыйымдылығы бар базам болуы керек. Газды «ҚазТрансГаз» алып, бірден сату мүмкін емес апармай, ортадағы перевалка құйып, одан қайтадан құйып алып сатуың қажеттілігі қанша?

Бұл талап жойылса сұйылтылған газдың 28 теңгеден алып, айтылқ, көлемі 618 млн текше метр. Демек, «Ақшабулақтан» «Кристалл Менеджмент» бір қала тұтынатын газды тұтынатын отыр. Одан энергия өндіріп, «ҚазТрансГаз» және басқа да кәсіпорындарға, артылағын қалаға сатады екен. Арзан газдан өндіріп отырған энергияның да бағасы түсуі керек емес пе? Ойлап қарасақ, ана жерде бір компанияға керек екен деп, облыс орталығын қоса алмай отырмаймыз ба?

1-бет

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының абоненттер назарына!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы ҚР Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022 жылғы 31 қаңтардағы №32-9-12/119-И хаты негізінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлек саудада өткізудің бағалары 2022 жылдың 01 ақпанынан бастап 6%-ға төмендегені және 1000 м³ үшін төмендегін құрайды:

- Тұрмыстық тұтынушылар (халық) – 16496,52 теңге ҚҚС-сыз, 18476,10 теңге ҚҚС-мен;
- Халық үшін жылу энергиясын өндіретін тауарлық газды тұтыну көлемдеріндегі жылуэнергетикалық компаниялар – 14684,41 теңге ҚҚС-сыз, 16446,54 теңге ҚҚС-мен;
- Заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіретін тауарлық газды тұтыну көлемдеріндегі жылуэнергетикалық компаниялар – 14711,12 теңге ҚҚС-сыз, 16476,45 теңге ҚҚС-мен;
- Басқа заңды тұлғалар – 16717,19 теңге ҚҚС-сыз, 18723,25 теңге ҚҚС-мен;
- Электр энергиясын өндіретін тауарлық газды тұтыну көлемдеріндегі жылуэнергетикалық компаниялар – 14711,12 теңге ҚҚС-сыз, 16476,45 теңге ҚҚС-мен;
- Басқа заңды тұлғалар – 16717,19 теңге ҚҚС-сыз, 18723,25 теңге ҚҚС-мен;

Бюджеттік ұйымдар – 16717,19 теңге ҚҚС-сыз, 18723,25 теңге ҚҚС-мен.

Тұтынушылардан одан әрі өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйылтылған табиғи газ өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын заңды тұлғалар үшін тауарлық газды бөлек саудада өткізу бағасы 2022 жылдың 01 ақпанынан бастап 1%-ға төмендегені және 1000 м³ үшін 26353,68 теңге ҚҚС-сыз, 29516,12 теңге ҚҚС-мен құрайтынын хабарлайды.

Жағарыда баяндалғанын негізінде, электрондық тұрмыстық

газ есептегіштерін пайдаланатын тұтынушылардан қарточкалық жүйелердегі газ бағаларын өзгерту үшін абоненттік ұчаскерлерге жүгінудіңізді сұраймыз.

Сұрақтар туындаған жағдайда төмендегі телефондарға хабарласуға болады:

- 8(7242) 55-17-45 Бейбарыс Сұлтан көшесі №1, Өкімшілік кенес, Инстаграм парақшасы @kaztransgas_kyzylorda
- 8771 012 12 11 call-центр «РІҚУ-Қызылорда» ЖШС, электрондық жүйелеріне: rcku-kyzylorda@kzi.reku.kz

- 8(7242) 26-32-03 Байсейіт-уа көшесі №138/7, №1 абоненттік ұчаскер;
- 8(7242) 23-61-44 Абай даңғылы №1/66, №2 абоненттік ұчаскер;
- 8(7242) 24-42-28 «Шұғыла» шағын ауданы №26/36, №3 абоненттік ұчаскер;
- 8(7242) 25-00-82 Титов көні №8, №4 абоненттік ұчаскер;
- 8(7242) 25-62-35 Жанкожа батыр көшесі №82А, №5 абоненттік ұчаскер.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОӨ әкімшілігі

Сұхбаттасқан
Бибілат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Көңіл төріне көшкен бейне

Адам өмірге жылдан келеді, жылдан кетеді. Бұл – жартылық заңы. Сонында қалдырған ізгілігі ісімен, өмірін жалғастыра ұрпағымен өшпестей із қалдырғандар есім еш уақытта ұмытпайды. Өйткені, кеме жанын көзі бардағы әр қадамы, елі үшін атқарған толымды істері ұрпақтан ұрпаққа мәңгілік естелік болып жалғаса берді. Осындай атпал азаматтардың бірі де бірегейі – Серікбол Қожаныұлы.

Ол 1948 жылы 1 қаңтарда Сырдария ауданында Қожания Омарұлы мен Рабия Мүсілімқызының отбасында дүниеге келді. 1965 жылы Қызылорда қаласындағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектепті бітірді. Сол жылы Н.Тоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын жаратылыстану факультетіне түсіп, 1970 жылы биолог мамандығын алып шығады. Еңбек жолын облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станциясында энтомолог болып бастап, сол салада зейнетке шыққанша жұмыс істеді.



1-бет

Серікбол аға қызмет еткен паразитология бөлімінің жұмысы күрделі, көзге көріне бермейді. Бөлім меңгерушісі Давид Генис Ефимович жол көрсетер ұстазы болды. Білікті басшының шекпенінен шыққан ол халық арасында жұқпалы аурулардың таралуына, диагностика, емдеу жұмыстарына зор үлес қосты. Жыл бойы облыстың әр өңірінде іссапарда болып, далада қона жүріп, жиналған жандықтарды лабораториялық зерттеулерден өткізді. Бұл зерттеулер нәтижесінде қай аумақта қандай аурулар таралуы мүмкін екенін алдын ала білетін. Қабылданған іс-шаралар арқасында жұмыс та ілгерілей түсетін. Әр тапсырманың орындалуын да қатан қадағалайтын.

Құдай қосқан қосағы Дариға екеуінен екі ұл, бір қыз өрбеген. Бүгінде олардың өз отбасы бар. Немерелерінің алды да үйлі-баранды. Отбасына жайлы, адал жар, балаларының асқар тауы – қамқоршысы, немерелердің ақылын атасы болды. Көз қуанышы болған кішкентайлардың ортасында арқа-жарқа болып, мээ-мәйрам күй кешетін. Бәріміз қызға қараушы едік. Өтген... Бір кем дүние деген осы шығар, бәлкі?

Сондай бір оқиға есіме түсіп отыр. Ең күрделі жағдай – республиканың өңтүстік аймақтарында, әсіресе, біздің облыста тараған Қырым қанды безгегі ауруы болды. Осы кеселді бес адам жұқтырып, қайтыс болғанда (ішінде денсаулық сақтау саласы қызметкерлері бар) басшылық алдында түйткілді мәселе тұрды. Сол қиын кезеңде Давид Ефимович, Серікбол Қожаныұлы бастаған тәжірибелі мамандар қысқа мерзімде инструкция дайындап, барлық мекемелерге тиісті тапсырмалар жүктетті. Дер кезінде қолға алынған іс-шаралар оң нәтиже беріп, аурушандық деңгейі төмендеді. Адамдар арасында өлім деректері аз тіркелді.

Маманың 1980 жылы республика көлемінде ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференцияда жасаған баяндамасына жоғары баға берілді. Ол облыстың эпидемиологиялық қызметінің дамуына қосқан үлесі үшін ҚР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі, «Құрмет» ордені, алғыс хаттармен марапатталды.

Серікбол ағаның ұйымдастырушылық қасиеті бір бөлек еді. Көпті жатырмайтын, бауырмалдығы, азаматтығы мен адамгершілігі жүргізіміздің түкпірінде сақталып қалды. Ол кен жүректің, дархан көңілді інісі болды. Бүгінде ағалық қамқорлығын әлі де іздейміз, аңсаймыз, сағынамыз.

Бұл өмірден біреу ерте, енді бірі кеш өтеді. Сәеңің қорер қызығы әлі алда еді. Аман қанша... Оның жарқын бейнесін, жылы жүзін ағайын-туысы, бауырлары, замандастары ұмытпайды. Уақыт озған сайын қоркем тұлғасы биіктей бермек.

Аюп МЫРЗАБЕКҰЛЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz / www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫРМЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифици-
қатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрілігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Көзекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**